

УДК 94(574)

**1916 жылғы Ақмола және Семей облыстарындағы
ұлт-азаттық көтеріліс барысы және көтерілісшілердің жазалануы****Смағұлова Светлана Одепқызы**

тарих ғылымдарының докторы, доцент, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары. 050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28. E-mail: adep_s68@mail.ru.

Түйін. Биылғы жылы Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің ұлт-азаттық қозғалысына 100 жыл толады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының санасының оянуын, ерлігі мен отарлық езгіге қарсы ашық күресу мүмкіндігін көрсетті.

Осы мақалада автор мұрағат пен баспасөз материалдарына, ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, ұлт-азаттық қозғалыстың басты себептерін айқындауға және Ақмола, Семей облыстары қазақтарының бас көтеру динамикасын көрсетуге тырысады. Сонымен қатар зерттеуші адамдардың қорғаныс жұмыстарына жұмылу механизмі мен жоғарыда аталған облыстардағы патшалықтың жазалаушы саясатын көрсетуге тырысады.

Түйін сөздер: отаршылдық; мәжбүрлеп жұмылдыру; 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс; 1916 жылғы отарлыққа қарсы көтеріліс; Орталық Азия және Қазақстан; Ақмола облысы; Семей облысы.

Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толып отыр. 1916 жылдың 25 маусымында қазақ жастарын қара жұмысқа алу жөніндегі патша жарлығынан кейін Уақытша кеңестің бұл заңға бағынуы жөніндегі үндеуі жарияланып, онда қазақтардың осы уақытқа дейін соғыс қиыншылығын көтермей келгендігі, енді мәртебелі патша соғыстың қалған кезеңінде ақыға және үкімет қазнасындағы азық-түлікке армия тылында қара жұмыс істеуге шақырып отырғандығы келтірілді.

Патша үкіметі елдің қадірменді ақсақалдары, құрметті азаматтары, дін иелері мен билеушілерінен, олардың көмекшілері мен болыстық старшын, ауыл старосталарынан патшаның жарлығын орындау барысында қазақтар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қара жұмыстан қашқандардың заң алдында жауап беретіндігін ескертуді талап етті¹.

Тіпті болыс басқарушысының, ауыл старшинасының тыл жұмысына қазақтарды жинаудағы атқаратын міндеттері де анықталды. Мәселен, болыс басқарушысы ауыл старшындарын жинап алып, патша жарлығының мәнісін түсіндіріп, жарлықта көрсетілген 19 бен 43 жас аралығындағы қазақтардың тізімін құрып, оларды болыстыққа жеткізуге тиісті болса, ал ауыл старшындарынан болыстың айтқанын бұлжытпай орындау талап етілді².

Патшаның құпия жарлығымен бастапқы кезде мобилизациядан мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлер, болыстық, ауылдық, селолық басқарушылар, полицейлер, имамдар мен молдалар, ұсақ несие ұйымдарының есепшілері, сонымен қатар мемлекеттік және жеке жоғары, орта оқу орындарында оқушылар мен оны бітіргендер, дуаряндардың құқығын қолданушылар және құрметті азаматтар босатылды.

Патша жарлығы Семейге 1916 ж. 28 маусымда жетті. Жергілікті әкімшілік бұл жарлықты орындауға бірден кірісті. Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А. Сухомлинов 30 маусымда патша бұйрығын жариялап, 1885 пен 1897 жылдар аралығында дүниеге келген қазақтардың таяу арада қара жұмысқа алынатындығын атап өтті. Бұдан кейін 2 шілдеде жиналыс өткізіліп, сол жерде патша жарлығына орай туындаған мәселелерді тыңдай келе 9 бөлімнен

¹ ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 10633-іс. 70-п.

² ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 20068-іс. 30-п.

тұратын қорытынды жасалынды. Онда Дала өлкесінде 19 бен 43 жас аралығында 80 000 адамның барлығы анықталып, оларды қара жұмысқа шақыру барысында жұқпалы ауру тарамас үшін екпе жұмыстарын жүргізу, қара жұмысқа шақырылғандарды әскер басшыларының құзырына беру үшін Семей облысының Семей, Павлодар, Өскемен қалаларында, Ақмола облысының Омбы, Петропавл, Көкшетау, Атбасар және Ақмола қалаларында қабылдау пункттерін ашу, дәргерлік тексерістен өткізу үшін Семей облысына 10, Ақмола облыстарына 7 әскери дәргерлерді жіберу көзделінді. Сонымен қатар әлі қара жұмысқа алынатындардың тізім жасалынбаған жерлерге министрліктің тарапынан ондаған шенеуніктерді жіберу және қара жұмысқа шақырылғандарға дәргерлік тексерістен өткен күнінен бастап қазынадан азық-түлік бөлуді қарастыру мәселелері тұрды (Vosstanie 1916 goda 1960, P. 26-27).

Жер-жерлерде патша жарлығын орындауға бай-болыстар белсенділік танытып, өз балаларын бұл жұмыстан аман сақтап қалу үшін тізімге кедейдің жасы жетпеген, бұғанасы әлі қатпаған баласын немесе жасы 50-ден асқандарды жазып жіберген. Соғыс министріне қара жұмысқа шақырылған қазақтардың атынан жазылған шағымда Омбы болыстық басқарушысы Мәден Бибатыров және оның хатшысы Ахмет Татинов тізім жасау барысында қызметтерін пайдаланып, пара алу арқылы кейбіреулерінің балаларын қара жұмыстан қалдырып, егде жастағы шопан мен молдаларды тізімге енгізіп жіберген. Содан Ыдырыс Карипов, Илияс Ибрагимов, Рахым Сарықбаев, Шайти Өтегенов және т.б. қариялар тізімге ілігіп кеткен (Vosstanie 1916 goda 1960, P. 539-540). Бұндай жайттер жер-жерлерде көптеп кездесіп, халықтың наразылығын туғызды. Семей облысының Зайсан, Өскемен, Қарқаралы және Семей уездерінде халық арасында толқулар басталып, бастапқы кездерде тізім бойынша уезд орталығына шақырылған қазақтар бармай қалу, бой тасалап жасырыну сияқты әрекеттерге барды. Мәселен, Зайсаннан «шақырылған бірде-бір қазақтың келмей, жасырынып қалғаны» жөнінде хабарлама түскен (Suleymenov, Basin 1977, P. 98).

Халықтың арасында мұндай әрекеттерге барған болыс, байларға қарсы шығып, қолдарындағы тізімді тартып алу, патша жарлығын орындауға белсене кіріскендерді жазалау керектігі жөнінде жиі айтыла бастады. Бұл жергілікті орыс әкімшілігіне алаңдатушылық туғызғандығы сонша, мұның алдын алу үшін тез арада қандайда бір іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігін көтерген жеделхаттарды жоғарғы орынға жиі жөнелтіп жатты. Осыдан кейін 12 шілдеде Н. Сухомлиновтың қара жұмысқа бармауға үгіттеушілерді қатаң түрде жазаға тарту жөніндегі бұйрығы жарияланса, ал келесі күні ақсүйек тап өкілдерінің қолдауын нығайту үшін Ақмола облысының әскери губернаторы П.К. Массальский-Кошуроға тыл жұмысына алудан дуарян табына жататын қазақтарды босату жөніндегі бұйрығын жіберді (Vosstanie 1916 goda 1960, P. 64).

Дала халқының негізгі бөлігі патша жарлығын тым өткір қабылдап, өздерінше қорытынды жасады. Оның үстіне патшаның бұратана халықтардан әскер алмау турасындағы уәдесін орындамады деген ренжіш те бар еді. Сондай-ақ үкіметтің халықпен санаспай, өз дегендерін істеуі де зығырдандарын қайнатты. Осы мәселелер барлық жерлердегі қазақтардың үкіметтің бұйрығын мойындамау, жұмысшы күші ретінде барудан бас тарттыруға уәделесуіне бірден-бір себеп болды.

Мұрғат құжаттар мен XX ғасырдың 20-60 жылдары шыққан ғылыми жинақтарын саралап қарасақ, Қазақстанның әр түпкірінде өмір сүрген қазақтардың бір уақытта 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығын қабылдамағысы келмегендігін байқауға болады. Көпшілік жиындардағы

бұйрықты талқылау барысында «өзге жерге барып, құл болып өліп, көмусіз қалғанша, өз елінде өлгенді жөн санағандығын» аңғару қиын емес. Мәселен, 11 шілдеде Ақмола облысының Ақмола уезіндегі Бормолы мекеніне уездің бірінші стан приставының міндетін атқарушы Иванюшин келіп, соғыс есебіне деп күштеп қазақтардың жылқыларын тартып ала бастаған. Оның бұл әрекетіне ашуланған қазақтар отырған киіз үйін қоршап алып, сойылмен ұрғылап, пристав пен оның хатшысын өлтіретіндіктерін айғайлап жеткізген. Иванюшин қорыққандықтан топқа қарай екі рет мылтық атып, қазақтар сәл шегінген кезде хатшысы Балашев екеуі далаға шығып, олармен сөйлесуге әрекеттенгенде соққының астына қалған (Vosstanie 1916 goda 1947, P. 59-60). Осындай жағдайлар екі облыстың әр жерінде күн сайын орын алды.

Патша жарлығынан кейін жер-жерлерде жиналыстар өткізіліп, кей жерлерде мұның арты қақтығысқа ұласты. Петропавл уезд басшысы Пономаренконың Омбыға Н.А. Сухомлиновқа жіберген жеделхатында кейбір болыстықтардағы қазақтардың қара жұмысқа барудан бас тартып, бағынбай жатқандығы айтылып, үгітшілерді ұстау үшін тез арада әскери көмек жіберуін өтінді³.

Болыстықтарда қара жұмысқа бармаудың амалын ойлап, егілген егісін жинамай үдере бір түннің ішінде көшіп кеткен жайттер көптеп кездесті. Болыстардың тізіміне жасы жетпеген тым жас балалар немесе егде тартып қалғандардың да енуі, бай, болыстардың балаларының ілінбей қалуы, оның үстіне тізім жасау барысында ел аралаған билік басындағылардың әлім-жетік көрсетуі елдің азу-ызасын туғызды. 16 шілдеде К.А. Сухомлинов Ішкі істер министріне патша жарлығы бойынша Семей облысы уездерінде орын алған тәртіпсіздіктер жөнінде жеделхат жөнелткен. Онда Зайсан уезі шекараға жақын төрт болыс қазақтарының дерлік шекараға қарай көше бастағандығын, ұсталғандардың өзі қарсылық көрсетуде екендігін келтірілді. Сонымен қатар жеделхатта 13 шілдеде қазақтар Көкпектідегі қалалық жылқы табынынан сексендей бас жылқыны айдап әкеткендігін, ал Өскемен уезіндегі үш болыс қазақтары тізім жасаған болыс пен ауылнайларды тұтқында ұстап отырғандығын, Семей уезінде екі ауыл старостасының айтуынша, село қазақтары олардан белгілері мен мөрлерін тартып алып, қара жұмысқа бармайтындарын мәлімдегендігі айтылды (Suleymenov, Basin 1977, P. 136).

Халықтың жаппай көтеріліске шығуынан қорыққан үкімет тез арада оларды тоқтататындай заңдарды қабылдауға тырысты. 19 шілдеде Семей генерал-губернаторының патша жарлығына қарсы шыққан әрбір адамды әскери сот бойынша өлім жазасына кесу турасында, ал 21 шілдеде оның ереуілдерге тыйым салған бұйрығы жарық көрді. Екінші бұйрықты орындамағандар үш айға абақтыға жабылатындығы немесе үш мың сом көлемінде ақшалай айыппұл төлейтіндігі ескертілді (Vosstanie 1916 goda 1960, P. 37). Кейіннен осы екі бұйрықтың негізінде үгітшілерді қудалай отырып, оларға ілесіп, бой көтергендерді қуғындау, қолға түскендерге аяусыз ату жазасын қолдану әдісін жүргізе бастады.

21 шілдеде Семей губернаторы Ф. Чернцов ішкі істер министрінің рұқсатымен облыстағы қазақ-қырғыздарға патша жарлығының мәнісін өздігінше түсіндіруге тырысқан үндеуін жариялады. Ол осыған дейін қазақтардың патша жарлығын дұрыс түсінбегендігін, солдатқа емес, көмек ретінде майданда жұмыс істеуге шақырылып отырғандығын айта отырып, қазақтардан орыс шаруаларының қол астында ауыл шаруашылығында жұмыс істеп жүргендер, болыстық басқарушы, ауыл старшындары, хатшылар, халық соты, моллалар,

³ ҚР ОММ. 369-қ., 1-т., 9600-іс. 27-п.

пошта қызметкерлері, алтын, көмір, тұз және тағы басқа кеніштерде, темір жол бойында жұмыс істейтіндер және тағы басқа үкіметке қажетті қызметте (жалпы саны 12) жүргендер алынбайтындығын нақтылай көрсетті (Nekrasov-Kliodt 1998, Р. 6-7).

Ел іші ушығып жатқан кезде үкіметтің қолдауына әбден сеніп алған орыс шаруалары мен казактар жергілікті қазақтарға қоқаң-лоқы көрсетіп отырды. Осындай бір оқиға 26 шілдеде Өскемен уезінің Сұлусары болысында орын алып, 3-ші Сібір казак полкінің 6-ші жүздік казактары мен жергілікті қазақтар арасында қақтығыс болған. 3-ші станның пристава Ворожейкиннің жоғары жаққа жіберген рапорты бойынша, дем алу мақсатында казактар Троицк селосына тоқтап, 15 шілдеде сол селоның жылқылары ұрланған шаруаларына тауып беруге көмек көрсету ниетінде Сұлусары болысына барып, болыс қазағы Омар Қарымсақовқа өздерінің қандай мақсатпен келгендігін айта келе, артта жатқан казак эшалондарының жылқысына жем-шөп дайындауды және түстікке қой союды бұйырған. Біршама уақыттан кейін қаруланған бір топ қазақтар келіп, ауылдағы барлық жылқыларды айдай бастаған. Осы арада казактар мен қазақтар арасында қақтығыс басталып, казактарды сойыл астына алған. Артта келе жатқан эшалон қазақтарға қару атып, қылышпен қарсы шауып, бірнешеуін жаралаған. 25 шақырымдай қазақтарды қуып, олар тау-тасқа барып тасаланғаннан кейін кері Троицк селосына қайтқан. Ворожейкин селоға 300-дей қаруланған қазақтардың түн жарымда шабуыл жасауға әрекеттенгендігін мәлімдеген (Suleymenov, Basin 1977, Р. 138).

Зайсан, Лепсі, Бұқтырма өлкесіндегі қазақ ауылдары жаппай барлық мал-мүлкімен шет мемлекеттерге, Монғолия жеріне қарай ауа көшкен. 1916 жылғы көтеріліс барысын зерттеген В. Некрасов-Клиодт бұл шет жаққа кеткендерді ашық көтеріліске шыққысы және үкіметтің қуғынына түскісі келмегендер, сонымен қатар Монғолия мен Қытайдан қару-жарақ алып, қайта елге оралып, көтеріліске шығуды мақсат еткендер деген тұжырым жасайды (Nekrasov-Kliodt, Р. 8-9). Қазақтардың Қытай мен Монғолияға қарай қашуын тоқтату үшін Н.А. Сухомлинов осы екі уездің шекара бойына казак бекіністерін орнатты және Қобда, Шәуешек, Шарасұмдағы орыс елшілерінен сол жаққа қашып барғандарға бақылау орнатуды сұрады. Қытай шекарасына жақын Зайсан мен Өскемен уездерінде 500 шақырымдай жер 106 казак әскерлерімен күзетілді (Sapargaliev 1965, Р. 66). Өкініштісі сол шетел асып кеткен қазақтар барған жағының езгісіне тап болды. Сондықтан кейбіреулері қыс түскенге дейін өзінің туған жеріне еріксіз қайтып келуге мәжбүр болды.

Н.А. Сухомлинов елді тыныштандыру мақсатында 31 шілдеде патшаның қазақтарды 15 қыркүйекке дейін оларды қара жұмысқа алмауы туралы мейірімділік жасағандығын жариялай отырып, қазақ халқының кейбір таптарын майдан жұмыстарынан босату жөніндегі бұйрығын шығарды. Бұл бұйрық бойынша ақсүйек қазақтардың қара жұмысқа алынбайтындығы нақты көрсетілді. Тізімге молдалар, орыс мектептерінің оқушылары енгізілсе, қасына арнайы белгі қойылуға тиісті болды. Сонымен қатар бір үйде жұмысқа жарамды адам болмаса, яғни асыраушысы жалғыз болса, оны ашық түрде айту қажеттігі де баса келтірілді⁴. Осындай бұйрықпен біріншіден, патша үкіметі өзінің маңайына сөзін сөйлейтін, ісін қолдайтын топты қалыптастырды, екіншіден, би, болыс, байлардың одан сайын билігінің күшеюіне, төменгі тап өкілдеріне күштерін көрсетуіне жол ашты.

1916 жылғы паша үкіметінің қара жұмысқа алу жарлығына Өскемен уезіне қарасты Бөкен, Құлынжүн, Күршім, Тайынты және тағы басқа болыс жастары

⁴ Бостандық туы. 1926. №470. 4 қазан.

мен орта жастан асқандар ілікті. Ел арасында бұл шешімге қарсы шыққандардың қатары күннен-күнге көбейе бастады. Патша ағзамның жарлығына орай шыққан наразылық Өскемен уезінен басталып, облыстың Зайсан, Қарқаралы, Семей уездеріне, көршілес жатқан Ақмола облысының Ақмола және Атбасар уездеріне дейін ұласты. Қазақтардың наразылықтары негізінен жұмысқа бармаудан бас тарту, болыстардан тізімді тартып алу, жылқыларын шекаралық аудандарға айдап апарудан көрінді. Генерал-лейтенант барон Таубенің 1916 жылғы 7 шілде мен 5 қыркүйек арасында жасаған мәліметі бойынша патша жарлығына қарсы шыққан қазақтардың саны күннен-күнге өсіп, олар топтаса бастаған. Мәселен, Зайсан уезінде 1000 адамнан жоғары бірнеше топ, Семей уезінде 7000 адамдық топ, Өскемен уезінде 3000 адамға дейін бірнеше топ пайда болған (Suleymenov, Basin 1977, P. 155).

Бөкен, Құлынжүн, Күріш, Тайынты және тағы басқа болыстықтар арасындағы жастарды ұйымдастырып, патша сөзін сөйлеген ояздарға, болыстарға бірнеше дүркін қарулы көтерілісті бастаушылардың бірі Жұбандық Болғамбаев болды⁵. Ол жайлы 1916 жылы қасында болған Әбілғазы Әлібаев естелігінде: «1916 жылы Құлынжүн болысында қазақтың патшаға қарсы көтерілісін басқарды. Бұл қозғалыс қазақ қозғалысымен сабақтас болатын, Жұбандықтың солардың барлығымен байланыс болды», - деп жазады⁶.

Жұбандықтың болыс халқын соңына ерткендігі жайында мындай бір дерек бар. 1916 жылдың маусым айының басында Ұлан болысының Қойтас ауылынан кәрі-жасына қарамай тыл жұмысына 200-дей адам тізімге алынады. Бұл тізімді сол кездегі болыс М. Жәкежанов жасап, жиналыс ашып тізімге іліккендерді шақырып, әрқайсысымен жеке сөйлесіп, тыл жұмысына баруға үгіттеп жатқан еді. Қара жұмысқа бармауды қолдаған топ бірі қалмастан Жұбандықтың соңынан еріп кетеді⁷.

Көтерілісшілер қолда бар айыр, ашамен, балтамен қаруланады. Оларға 8 ұстаханасы бар Бадабай және Оқас Нұрдеповтар қылыш, семсер, тіпті мылтық дайындап отырды. Әрбір ұстахана күніне 10 найза, 8 қылыш, 10 айбалта және екі мылтық жасауға тиіс болды. Көтерілісшілердің сұрауымен Ж. Болғамбаев «1500 адамды қара жұмыстан босатсын» деген өтінішпен Омбыға аттанған кезде Тайынты болысының қазақтары мен Бұқтырма станицасының атаманы Щербаков басқарған жазалаушы отрядының арасында үлкен қақтығыс болып, нәтижесінде Өтеміс руынан 38 қазақ өліп, 23-і жараланады. 15-тей адамды жазалаушылар қолға түсіріп, Өскемен түрмесіне аттандырады. Бұл қанды оқиға «Өтеміс қырғыны» деген атпен халық жадында қалды⁸.

Көтеріліс 1916 жылғы 31 шілдесінде Тайынты болысының Қарабалапан жайлауында болған. Көтерілісшілерден Қасен Бәйімбетов, Келебай Қамшыбаев, Хамит Наурызов, Мылтықбай Темірбаев, Толықбай Дайрабаев, Тұрбала Толықбаев, Қыжыбай Қуашов, Кәлен Қадыров, Назымбай Жылқайдаров, Қайырбек Тәпеков, Тәпен Тәукеов, Оңғарбай Тілемісов, Тәпек Қайрақбаев, Қапас Малғаранов, Мерей Боранғұлов, Жәкеш Нұриманов, Есімхан Белгібаев, Ташқолла Алтыбаев оққа ұшса, Қасымбет Ыбырайымов, Ахметжан Бектаев, Теңізбай Үкебаев, Тұрсағат Қосаев және Құдайберген Ермұратов атыс үстінде жараланып, сол жарадан оңалмай қайтыс болады. Бірнеше жерінен жараланған Темірхан Әділбаев ғана тірі қалады⁹.

⁵ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 43-іс. 4, 27-пп.

⁶ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 286-іс. 31-п.

⁷ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 286-іс. 181-п.

⁸ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 43-іс. 28-п.

⁹ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 289-іс. 39-п.

Ж. Болғанбаев Омбыға барған сапарында тұтқындалып, 15 күндей абақтыда отырып, босатылғаннан кейін ауылына келгенде жазалаушы отрядтың қолынан қаншама қазақ жастарының мерт болып, тұтқындалып түрмеге қамалғандығын естиді. Оның үстіне қара жұмысқа тек кедей шаруалар ғана алынып, байлардың босатылғандығы жөнінде хабардар болады. Қара жұмысқа шақырылғандардың кейбірі тау-тасты паналап, тіпті Қытайға дейін қашып кетіп жатты. Тауға барып тығылғандардан Алтынсары Нұрбаев пен Қожа Данабаевтың ұйымдастыруымен тағы да көтерілісшілер отряды құрылады. Жұбандық та осылардың қасынан табылып, алда не істеу керектігі жөнінде ақыл-кеңес беріп отырады¹⁰. Байлардың алдауымен жазалаушы Щербаков отряды бірнеше рет Жұбандықты, Нұрбаев пен Данабаевтарды қолға түсірмекке әрекеттенеді. Бірақ олар әр уақыт аман-есен сытылып кетіп отырған.

Семей облысы уездеріндегі көтерістерді басуға казак әскерлерінен басқа Көкпектіде ерікті түрде запаста болған орыс шаруаларынан жүздіктер ұйымдастырылып, Зайсандағы көтерілген қазақтарға қарсы 2,5 жүздік жіберілсе, Семей уезіне жүздік, Өскемен уезіне 2,5 орта жаяу әскерлер жіберілді. Сөйтіп, Сібір казак әскерлерінен үш, ал Верхнеудинскідегі 1-ші казак әскерінен 1 полк жіберілген, сонымен қатар 3 жартылай әскери жүздік, 2 жергілікті жүздік, 4 жартылай жергілікті жүздіктер, 2 жергілікті командалар мен 8,5 рота жаяу әскерлері қатысқан. Өскемен уезіне жаяу әскер роталары Семейдегі 712-ші дружина бөлімінен жіберілген (Suleymenov, Basin 1977, P.155).

Өтеміс елінде болған көтерілісті негізінен Сағымбай Жетпісұлы басқарды. Ол орта бойлы, қараторы, сом денелі, орысша-қазақша сауатты, алған бетінен қайтпайтын жаужүрек, өжет жігіт болды. Жұбандық оған сенім артып, кеңес беріп отырған. Көтеріліс сәтсіздікке ұшыраған кезде «бүлікті ұйымдастырды, басшы» деп бірнеше адам қамауға алынды. Мұның ішінен «патшаға нағыз қарсылар» деп тауып, соғыс трибуналы ату жазасына кесілгендердің арасында Сағымбай Жетпісұлы, Аманбек Дулатұлы, Дүйімбай Қалиұлы, Шәкірт Бесбайұлы және т.б. болды. Патша үкіметіне шығарған үкімін орындауына 1917 жылғы ақпан төкерісі кедрегі келтірді. Қамаудағы адамдардың көпшілігі сәуірде түрмеден босап шықты¹¹.

Қарабалапан жайлауында көтеріліске қатысып, жазалаушылардың тырнағынан тірі қалған Отыншы Ерінбесов, Шаяхмет Дырданов, Әлімхан Жеттікбаев және Тоқтар Көшербаевтар патша өкіметі құлағаннан кейін Өскемен уезінде кеңес өкіметін құруға белсене араласып, кейіннен сол өңірде түрлі қызметтер атқарды. Мәселен, О. Ерінбесов Тайынты болысында 1920-1921 жылдары ауылдық кеңестің төрағасы болды, Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда соғысты. Ш. Дырданов 1924-1928 жж. ауылдық кеңестің төрағасы, 1928-1944 жж. сауда орындарында қызмет етті. 1944-1948 жж. Ұлан ауданындағы Манат селолық кеңесінің төрағасы болды.

Ә. Жіттікбаев 1926-1928 жж. сауда орнында, 1928-1944 жж. кеңес органдарында қызмет атқарса, 1944-1955 колхоздың төрағасы, 1955-1967 жж. қызылотаудың меңгерушісі болды. Т. Көшербаев 1931-1934 жж. Манат ауылдық кеңесінің төрағасы, 1934-1956 жж. колхоз төрағасы, 1956-1969 жж. совхозда бөлім басқарушысы, кейіннен директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды¹². Көтерілісті башысы Сағымбай Жетпісұлы мен әкесі Жетіпіс

¹⁰ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 43-іс. 28-п.

¹¹ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 286-іс. 28-п.; ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 286-іс. 85,121-пп.

¹² ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 43-іс. 29-п.

1931 жылғы ашаршылық кезінде індетке ұшырап қайтыс болған. Жетпістің әкесі Бидай деген адам сол өңірге оң қолынан өнер тамған, шебер ұсталығымен танылған деседі. Өтеміс елінде «Бидай соқса, Беспол атса» деген сөз осыдан қалса керек¹³.

Көтеріліс басылған соң да Жұбандық Сынтас (Қарауыл шахтасы), Удалий, Даубай, Ақжал өндірістерінде жиі болып, жұмысшылар мен кен иелері арасындағы кикілжіңдерді реттеуге, жұмысшыларға арыз-талап жазуға көмектесті, ұйымдасқан түрде іс-әрекет етуге ақыл-кеңес берді.

Қазақтар мен бірге үкіметтен қысым көрген орыстарға да қамқор болды. Бай-болыстаран қысым көрсе де, Захар Кулигин деген большевик орысты бір жылдай үйіне паналатады. 1917 жылы революция жеңгеннен кейін осы З. Кулигин Самар ауданында тұңғыш большевиктер ұйымын құрды¹⁴.

Семей өңіріндегі патшаның жазалаушы отрядтарының жаппай қуғын-сүргініне қарамастан қара жұмысқа барудан бас тартқан қазақтардың қатары көп болған. Мәселен, Зайсан уезінде қарашаның ортасына дейін жұмысқа шақырылған 10 376 адамнан бірнеше ондаған адам ғана барған. Негізінде Семей облысынан қара жұмысқа 85 479 адам шақырған еді, бірақ 1916 ж. 5 қарашада 50 479 адам, яғни 59 процент ғана барған (Vosstanie 1916 goda 1960, P. 503).

Қарқаралы уезінің қазақтары да патша жарлығын орындаудан бас тартты. Білте мылтықпен, қолдан жасалған қарумен қаруланған Тоқшабай ауылының 40 шақты адамы патша шенеуніктеріне көмектескен сот қызметкеріне, оның хатшысына және бірнеше қазақтарға шабуыл жасаған. Сарытау, Бөрлі, Кент, Дастар, Абыралы, Еңірекей, Дегелең, Берқара және Теміршін болыстарының қазақтары да патша жарлығына қарсы шығып, қара жұмысқа іліккендердің тізімін ерікті түрде беруін талап еткен. Дегенмен олардың патша саясатына қарсылықтары жеңіліспен аяқталып отырды. Қу болысы басқарушысы С. Шамшиннің мәлімдеуінше, қазақтар мен орыс әскерлерінің арасында болған қақтығыс барысында қарсы тұра алмаған қазақтар басшылары әрі қару-жарақ жасаушы ұста Мұқай Жүзбаевты тастап, қашуға мәжбүр болған (Nekrasov-Kliodt 1998, P. 11).

Семей округтық сотының прокурорынан Омбы сот палатасының прокурорына Қу болысы С. Шамшинді 12 қыркүйекте Итөлген мекенінде қарусыз 300-дей қазақтар қоршап алып, қара жұмысқа алушыларды тіркеген тізімді талап еткендігі, беруге бас тартқан кезде тізімді күшпен тартып алып, оған араша түспек болған Бертолин мен Исабай Көшеновты соққыға жығып, оның қалаға шығып кетпеуін қадағалағандығы жөнінде хабарлама түскен (Vosstanie 1916 goda 1947, P. 62).

1916 жылдың 6 қыркүйегінде Дала генерал-губернаторы Н.А. Сухомлиновтың патша жарлығын орындамауға шақырғандарды жер аудару жөніндегі бұйрығы жарық көрді. Бұған қарамастан Ақмола мен Семей облысының әр жерінде қара жұмысқа баруға қарсылық білдіргендердің қатары көбейе түсті. Патша үкіметі көтеріліс шығып кетпеу қаупінің алдын алу үшін болыс, байларға, патша үкіметіне көмек көрсеткендерді сыйлықпен марапаттау әрекетіне көшті. Мәселен, Ақмола облысының губернаторы Колобов облыстағы шаруа және уезд басшыларына патша жарлығына қарсы шыққан қандайда бір қарсылықты басуға көмек көрсеткендерді марапаттау үшін тізім беру жөнінде хат жіберген (Vosstanie 1916 goda 1960, P. 676).

¹³ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 286-іс. 121-п.

¹⁴ ҚРПМ. 811-қ., 3-т., 286-іс. 108-п.

Ақмола облысында тізімге алынғандарды дәргерлік тексерістен өткізу 22 қыркүйектен басталды. Тексерістен өтуге тиісті Сарытерек, Ақмола, Бұғылы, Нұра, Құлан-Өтес-Нұра болыстарынан тек алдыңғы екі болыстықтың тізімге алынғандары ғана келсе, ал қалған болыстықтан тек болыстары мен ауыл старшындары ғана келген. Негізінде осы бес болыстан 3353 дәргерлік тексерістен өтуге тиіс болса, оның 130-ы болыстан тысқары жаққа кеткен, 1463-і мүлдем келмеді, 1351-і жұмыстан босатылу туралы рұқсатқа ие болды. Бес болыстықтан дәргерлік тексерістен өтуге тек 409 ғана адам өтіп, олардың 117-і ғана еңбекке жарамды болған. Жұмыстан бас тартқандар топ-топ болып, әскерлердің қолына түсуден тау-тасқа қашты. Дәргерлік тексерістен өтпек болған қазақтарды ұстап алып, ұрып-соққан (Kaharly 1916 zhyl 1998, P. 65-66).

Ақмола мен Семей облысындағы, оның ішінде Қарқаралы мен Павлодар уездеріндегі көтеріліс ошақтарын басуға Омбыдан Павлодар және Баянауыл арқылы есауыл Щестаков бастаған казак отряды жіберілді. (Nekrasov-Kliodt 1998, P. 70). Жазалаушы отрядтар көтерілісшілерді аяусыз жазалады. 22 қыркүйекте Қарқаралыдан старшина Иванов 200 адамдық, 2 пулеметі бар жазалаушы отряд шығып, Кегірге қарай жол тартты. 22 қыркүйекте олар жолдан 122 түйеге ұн артқан, қаруланған 50 қазақ күзеткен керуенге жолығып, оларды тоқтатпаққа талпынғанда екі арада атыс басталған. Алайда аңшы мылтығымен, сойылдармен қаруаланған қазақтар казак отрядына қарсы тұра алмай, жан-жаққа қашты. Қақтығыс барысында екі қазақ өлтіріліп, бесеуі қолға түскен. Қолға түскендер Қаражарда қарулы 1500-дей көтерілісшілердің барлығын айтқан.

Иванов керуенді күзетуге 40-тай әскер қалдырып, қалғандарымен Қаражарға қарай аттанады. Екі арадағы қақтығыс таңғы сағат бес шамасында болған. Қаражал шатқалына бекініп алған мыңға тарта қазақтарды казак отряды үш жақтан қоршап, пулеметпен атқылап, бас көтертпеуге тырысқан. Нәтижесінде қазақтардан 49 адам өлген (бір ақпарда 80 адам деп келтіріледі), ал казактардан бір адам басынан жараланып, бірі үз-түссіз жоғалып кеткен. Артынан оның мүрдесі табылған.

Қашып құтылған көтерілісшілердің Қаражардан Сырасуға қарай бет алғанын естіген отряд бағытын сол жаққа қарай өзгертіп, жолда тағы да 22 түйеге ұн артылған керуенді қолға түсірген. 24 қыркүйекте отряд пен қазақтардың арасында тағы да қақтығыс болып, нәтижесінде 40-тан астам қазақтар мерт болып, көпшілігі жараланады. Қолға түскендерді казак отряды кейін қарай жаяу-жалпы қайтуға мәжбүрлеген, ұрып-соққан. Сарысу, Жақасарысу, Құмқоңыр Башақұм болыстарынан келген өкілдер оларға күш көрсетпеуін, патшаның барлық жарлығына мойынсұнатындықтарын мәлімдеген. Тіпті көтеріліске қатыспаған, бірақ қатысуы мүмкін деген желеумен де қазақтарды еш тексерусіз жазалап, атып тастаған жайттарға дейін кездесті. Мәселен, Зайсан уезінегі Болдышев басқарған жазалаушы отряд да қарапайым халықты еш себепсіз атып, асқан (Nekrasov-Kliodt 1998, P. 14).

IV Мемлекеттік думада қазақтардың қара жұмысқа алынуға қатысты мәселені көтергенде депутат Жафаров Зайсандағы жазалаушы отрядтардың қатыгездік әрекеттеріне қатысты хаты айғақ ретінде келтірген. Оның айтуынша, Зайсан уезіне пристав Болдышевтің басқаруымен барған жазалаушы отряд ешнәрсенің мәнісіне бармай қазақтарды ұрып-соғып, ақшаларын, киім, қолдарында бар жылқыларын, үй жиһаздарын, тартып алып, әйелдерге зорлық көрсеткен. Болдышевтің өз сөзі бойынша 50-дей қазақтарды өлтірген екен. Казак әскерлері қолына іліккен заттарды тонай берген, қазақтар тірі қалу үшін қарсылық білдірмеді. Таланып алған заттарды казак әскерлері сатып отырған. Жафаров жазалаушы отрядтың Қарабұға, Басар, Қарым, Лаба және тағы басқа

болыстарын қазақтарына да қырғидай тиіп, тіпті ерлері бала-шағасын тастап қашуға мәжбүр болғандығын да баса айтады (Kaharly 1916 zhyl 1998, P. 206-207).

Нашар қаруланған қазақтар жақсы қаруланған жазалаушы отрядтарға қарсы тұра алмады. Дегенмен көтерілісшілердің қарқынынан бай, болыстар, атқамінерлер сескеніп қалды. 1916 жылдың 12 қыркүйегінде Павлодар уезінің 5 бөлімінің шаруа басшысына Алексеев болысының қазағы Заңды Шорманов жазған арызында 3000 жылқы, 1000 қой, 200 ірі қара мал мен 100 түйесі және жылжымайтын 185 мың тұратын жеке мүлкінің барлығын айта келе, қол астында жұмыс істеген барлық жұмысшылардың кетіп қалып, малының, дүние-мүлкінің қараусыз қалғандығы, белгісіз көшпелі қазақтар малдарын айдап өкетіп жатқандығын келтіре, малы мен дүниесін қорғауға алса деген өтініш білдіреді¹⁵.

Ақкелін болысының басқарушысы Н. Шорманов билік орнына берген рапортында 17 қыркүйекте сойылмен, шоқпармен қаруланған, қол астына қарайтын 1 және 4 ауылдың Хасен Тасшанов, Әшірбек Шодарбеков, Жақып Жангожин, Қоқы Кереев, Жанәбіл Қоқаев, Сасанай Досбеков, Жұмабек Айнабеков бастаған 200-дей адам Сәдуақас, Жами, Қабыш, Көкеннің, Асфендияр және Заңды Шормановтардың 4000-дай жылқыларын барымталап кеткен. Көтерілісшілердің барлығы кезінде Шормановтарға қызмет еткендер делініп, оларға шабуылдауы мен малдарын тартып алудың себебі 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына бағындауынан деп көрсетілді. Уезд басшысының осы жағдайды Семей губернаторына жеткізіп, тез арада қатаң шара қолдануын өтінді¹⁶.

23 қыркүйекте Семей облысының Павлодар уезінің Алабас тоғайында, одан кейін 29 қыркүйекте Ағашүй мекенінде қара жұмыстан қашқан қарулы 4-5 мың адам жүздеген казак әскерлеріне шабуыл жасайды. Негізінде Семей губернаторының бұйрығы бойынша 27-31 тамыз аралығында Павлодар уезіне коллеждік кеңесші В. Аркадьев прапорщик Чукреев бастаған жүздеген казак іскерімен уезге келіп, патша жарлығына қарсы шыққандар мен үгітшілерді тұтқындап жатқан болатын. Коллеждік кеңесші В. Аркадьев 15 қыркүйекте Баянауыл станциясына келіп, ол жерде 20 қыркүйекке дейінгі аралықта Қызылтау болысындағы қазақтарды тізімге алып, алдағы 3 жылғы сайлауға ілігетіндер жайында мәліметтер жинақтаған еді. 21 қыркүйекте ол жүздеген әскерлерімен Ақкелін болысындағы Ағашүй мекеніне келіп, Садуақас Шормановтың үйіне тоқтайды. Оған қара жұмысқа бармауға қарсылық білдіріп жатқан қазақтар жайындағы хабарды анықтап, болыстарды, халық сотын, кадрменді ақсақалдарды жинап, қарсылық білдірушілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізу, топ болып жүруге тыйым салуды, тыл жұмысына шақырылғандарды баруға үгіттеуді тапсырылған еді.

23 қыркүйекте Аркадьев Ащы өзенінің маңына аттылы қазақтар жиналып тұрғанын көріп, 2 ауылдың халық соты Үсеновты олардың 20 минуттың ішінде өздері отырған жерге келуін талап етті. Бірақ атты қазақтар оның талабын тыңдамай «Алабас» мекеніне қарай бет алады. Соңдарынан 8 шақырымдай ілесе шыққан казак әскерлері сойыл ұстаған аттылы қазақтардың тосқауылына тап болып, мылтық ата бастайды. Мылтық дауысын естіген қазақтар «Алабас» мекеніне қарай қаша бастайды.

«Алабаста» казак әскерлері қазақтарды жан-жағынан қоршап, қазақтардың бейітіне бекініп алып, қазақтарды үздіксіз атқылаған. Екі жақ бір біріне талап қойған. Көтерілісшілер казак әскерлеріне бейітті тастап кетуін, ал кеңесші Аркадьев олардан тез арада толықтай берілуін талап еткен. Дегенмен жан-жақтан көтерілісшілердің қатары көбейіп бара жатқандығынан қорыққан кеңесші

¹⁵ ҚРПА. 811-қ., 1-т., 20-іс. 1-п.

¹⁶ ҚРПА. 811-қ., 1-т., 20-іс. 2-п.

Баянауылға адам жіберіп, қосымша күш жіберуді сұрады. Қосымша көмек алса да, көтерілісшілерге шабуыл жасауға батылы жетпеді. Бірнеше рет барлау жіберіп, соның бірінде Жандарбек Башетов, Құсайын Айдарбеков, Қали мен Әли Қолызақовтарды қолға түсірген.

Сәдуақас Шормановтың үйіне бекінген казактар жақын келген көтерілісшілерге оқ жаудырып, жақындатпауға тырысқан. 23 мен 29 қыркүйек арасында екі жақ арасында бірнеше шайқас болды, бірақ қарулы казактарға қарсылығына төтеп беруге көтерілісшілердің шамасы жетпеді. 4 қазанға дейін көтерілісшілер ақырындап үй-үйлеріне тарай бастаған. Бұдан кейін көтерілісшілердің аты-жөнін анықталып, оларды жаппай ұстап, тергеу жұмыстары жүргізіле бастады. Ұсталған Құсайын Айдарбеков, Жандарбек Бешетов, Әли Қолызақов, Қали Қолызақов, Сейіт Құлатаев, Қыздырбек Айтаев, Садық Аамалдықов, Дүсіпбек Амангелдин, Шайдарман Асырбаев және т.б. 50-дей көтерілісшілерден жауап алынып, олардың үстінен іс қозғалып, Омбы округтік сотының қарауына берілді¹⁷.

Жазалаушы отрядтың қазақтарды қысымға алып, абақтыға қамаса да сағын сындыра алмады. Мәселен, 3 қазандағы Ақмола уезінің 5 бөлімінің крестьян басшысының Ақмола әскери губернаторына жіберген мәлімдемесінде Шарықты болысының басшылары да, қазақтары да уезге келмегендігін, бұл болыстан қара жұмысқа баратындардың тізімі берілмегендігін айта келе, болыстықта жастардан құрылған көтерілісшілер отряды жасақталып, басшылықтың бұйырығын орындағандарды аяусыз жазалайтындықтары туралы қауесет таратып жүргендігі келтірілді¹⁸.

Ақмола уезіне қарасты Жыланды болысының да жастары қара жұмысқа барудан бас тартып, Қорғалжың, Қонқорғалжың, Сарыөзен болыстарының жастарымен бірлесе, айбалта, найза, берденке мылтық, сойылдармен қаруланып, жазалаушы отрядтарға қарсы шыққан. Өкініштісі сол, жақсы қаруланған казак әскерлеріне қарсы тұра алмай, көрпшілігі оққа ұшып, бірі қолға түссе, бірі тауға қашып, ұзақ уақыт тау-тасты паналап кеткен. Жазалаушы әскерлер көтерілісшілердің отбасын ұстап, қолдарындағы бар малдары мен заттарын тартып алып, кәрі адамдарды ұрып соққан. Көтерілістің ортасында жүрген Рахымжан Әлсеновтың айтуынша, кәрі әкесін ұстап алып, Ақмола абақтысына апарып қамап, қатты соққыға жыққандықтан желтоқсан айында қайтыс болған. Қыс түсе көтеріліске қатысқандар қыстауларына қайтуға мәжбүр болып, үкімет қолына қайтадан тап болып, еріксіз қара жұмысқа аттанған (Vosstanie 1916 goda 1947, P. 153-154).

1916 жылы Ақмола мен Семей облысындағы патша жарлығына қарсы болған көтерілістер біріншіден, халықтың сана-сезімін оятса, екіншіден, патша үкіметінің жүйесіне, олардың саясатына деген қарсылықтарын ашық білдірген теңдікке, бостандыққа ұмтылудың баспалдағы болды.

Әдебиеттер тізімі / Список литературы

1. Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы. / Под ред. Б.С. Сулейменова. – Алма-Ата: Изд-во Академии наук КазССР, 1947.
2. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. – М., 1960.
3. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). – Т.1. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 423 б.
4. Некрасов-Клиодт В. Реквизиция киргиз на тыловые работы в 1916 году. Очерк. – Кзыл-Орда: Издание Общества Изучения Казахстана, 1926.

¹⁷ ҚРПА. 811-қ., 1-т., 20-іс. 3-30-пп.

¹⁸ ҚР ОМА. 369-қ., 1-т. 12109-іс. 131-п.

5. Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма (1905-1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1965. – 376 с.
6. Сулейменов Б., Басин В.Я. Восстание 1916 года в Казахстане (причины, характер, движущие силы). – Алма-Ата, 1977.

Reference

- Vosstanie 1916 goda 1947 - *Vosstanie 1916 goda v Kazahstane. Dokumenty i materialy* 1947, Pod red. B.S. Sulejmenova, Izd-vo Akademii nauk KazSSR, Alma-Ata.
- Vosstanie 1916 goda 1960 - *Vosstanie 1916 goda v Srednej Azii i Kazahstane. Sbornik dokumentov*, Moskow, 1960.
- Kaharly 1916 zhyl 1998 - *Kaharly 1916 zhyl: (Kyzhattar men materialdar zhinary)* 1998, T.1, Kazakstan, Almaty, 423 p.
- Nekrasov-Kliodt 1926 - Nekrasov-Kliodt, V 1926, *Rekvizicija kirgiz na tylovyje raboty v 1916 godu. Ocherk*, Izdanie Obshhestva Izuchenija Kazahstana, Kzyl-Orda.
- Sapargaliev 1965 - Sapargaliev, GS 1965, *Karatel'naja politika carizma (1905-1917 gg.)*, Nauka, Alma-Ata, 376 p.
- Suleymenov, Basin 1977 - Suleymenov, B, Basin, VJa 1977, *Vosstaniye 1916 goda v Kazahstane (prichiny, harakter, dvizhushhie sily)*, Alma-Ata.

О ходе национально-освободительного восстания в Акмолинской и Семипалатинской области в 1916 году и наказании мятежников

Смагулова Светлана Одепкызы

доктор исторических наук, доцент, заместитель директора истории и этнографии имени Ш.Ш. Валиханова. Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28. E-mail: adep_s68@mail.ru.

Аннотация. В этом году исполняется 100-летие национально-освободительного движения народов Казахстана и Средней Азии. Национально-освободительное движение 1916 года показало пробуждение сознания народов Средней Азии и Казахстана, храбрость и способность открыто бороться против колониального гнета. В настоящей статье автор, опираясь на данные архивных материалов, периодической печати, научные исследования, пытается выявить главную причину национально-освободительного движения и показать динамику выступлений казахов Акмолинской и Семипалатинской областей. Кроме того, исследователем представлен механизм мобилизации людей на оборонные работы, а также показана карательная политика царизма в вышеуказанных областях.

Ключевые слова: колониализм; принудительная мобилизация; национально-освободительное движение 1916 года; антиколониальное восстание 1916 года; Средняя Азия и Казахстан; Акмолинская область; Семипалатинская область.

On the national liberation movement in Akmola and Semipalatinsk regions in 1916, and the punishment of the rebels

Smagulova Svetlana Odepkyzy

Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Deputy Director of Sh.Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnography. 050010 Republic of Kazakhstan, Almaty, 28, Shevchenko str. E-mail: adep_s68@mail.ru

Abstract. This year marks the 100th anniversary of the national liberation movement of the peoples of Kazakhstan and Central Asia. The national liberation movement in 1916 showed the awakening of the consciousness of the peoples of Central Asia and Kazakhstan, the courage and the ability to openly fight against colonial oppression. In this article, the author, on the basis of data from archival materials, periodicals, research, tries to identify the main cause of the national liberation movement and to show the dynamics of the uprisings of the Kazakhs of Akmola and Semipalatinsk regions. In addition, the researcher presents the mechanism of mobilizing people for defense work, and shows the punitive policy of tsarism in these regions.

Keywords: colonialism; forced mobilization; the national liberation movement in 1916; anti-colonial uprising in 1916; Central Asia and Kazakhstan; Akmola region; Semipalatinsk region.